

Мектеп тарихы

«Тарихын білмеген - тамырын да білмейді» - демекші, кез келген мектептің өз тарихы бар. Біздің де мектебіміздің тарихы сонау 1963 жылдан басталады. 1963 жылдан – 1981 жылдың шілде айына дейін Бөген аудандық депутаттар кеңесі, аудандық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің шешімімен алғашқы атауы «Құрсай» бастауыш мектебі болып ашылды.

Оқушылар санының артуына байланысты, сыныптар саны да көбейіп мектептің атауы өзгертіліп отырды:

- 7.10.1977 жылдан 1981 жылдың шілде айына дейін Сайрам аудандық халық депутаттар кеңесі атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің шешімімен «Құрсай» бастауыш мектебі болып қайта құрылды;
- 1981-1988жылдары Сайрам аудандық халық депутаттар кеңесі атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің қаулысымен «Құрсай» орталау мектебі;
- 1988-1992 жылдары Шымкент қалалық халық депутаттар кеңесі, Абай аудандық атқару комитетінің қаулысымен №49 орталау мектебі;
- 23.04.1997 жылы Шымкент қалалық әкімшілігінің білім беру мәдениет және халық денсаулығын сақтау басқармасына қарасты №49 орта мектебі;
- 07.06.2010 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігі Шымкент қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесіне қарасты №49 жалпы орта мектебі;
- 2018 жылы Шымкент қаласының әкімдігі, Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты «№49 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі болып қызмет жасауда.

Осы жылдар ішінде білім шаңырағы қазақ деген ұлтымыздың білімді азаматтарын дайындап шығаратын қара шаңыраққа айналды. Мектеп – болашақ негізін қалыптастыратын, ел мерейін асқақтататын тұлғалар баптайтын құтты мекен. Сан қыранды өмір өлкесіне самғатқан алтын ұямызда құрылған күннен бастап, көптеген білімді де тәжірибелі мұғалімдер мен ұлағаттаы ұстаздар еңбек етті. Ұзақ жылдан бері қажымай еңбек етіп, мектептің әр ісіне сара жол қалдыра білген, ерен еңбегімен шәкірттеріне үлгі өнеге болған қазір ортамызда жоқ Шырманов Өтәй, Жәнібеков Зұлпыхар, Құрманбаев Ілияс, Мамешов Қанытбек, Айтқұлов Мәлік, Жұмақова Сәрсенкул, Рамазанова Рима, Арғынбаев Серік, Ақжігітов Қыдырәлі, Қалтаев Сырым ағайларымызды естен шығару мүмкін емес.

Қазіргі таңда бейнеттің зейнетін көріп отырған ардагер ұстаздарымыз Ешимова Салима, Саржанова Диляфруз, Қосауова Ғалия, Сарыбекова Қымбат, Тазабекова Манзура, Утебаева Сауле, Абиев Кәдірбек, Жалдықараева Дариға, Жұмабаева Сәрсенкүл, Абдраимова Қалдыкүл, Көбеева Бекзада, Ниязбекова Сапаркүл, Мамешова Бағила, Сопбекова Тұмар, Ержігітова Жамила, Сулайманова Сайрагул, Жуманова Бағила, Дүйсенова Бақыткүл, Салтаева Нәзипа, Елтаева Ақшабақ, Айтуов Рысбек, Әшірбекова Рымбала апайларымыз жастарға үлгі, тәрбиенің мықты тірегі болған ұлағатты ұстаздар.

Бүгінгі күні №49 ЖОББМ ынталы еңбегімен халыққа танымал, беделдері биік мектеп түлектерін мақтан тұтады. Білім шаңырағын бітірген өнерлі, өрелі түлектер ел мақтанышына айналып отыр.

Атап айтсақ:

1. **Ташполатов Сейілхан** – Алматы қалалық сотының судьясы, ҚР «Судьялар одағының Құрметті мүшесі» құрмет белгісімен марапатталған.
2. **Бағдат Алтаев** - Түркістан облысының және Шымкент қаласының композиторы, Ұлы Отан соғысының жеңісінің құрметіне жазылған «Жеңіс күні» әнінің авторы, Ауған соғысы ардагерлеріне арналған гимннің авторы.
3. **Оразбаева Динара** - «Сәуле» шағын ауданындағы «Сәуле - 35» бала бақшасында әдіскер.
4. **Мамешов Ерғали** - №48 ЖББОМ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
5. **Шырманов Нұрғали** – Абай ауданы полиция бөлімінде полиция майоры.
6. **Шағырбаев Бексұлтан** – Шымкент қ. Эль-Фараби ауданы ішкі істер бөлімінде аға лейтенант.
7. **Адасханов Таңсықбай** – Шымкент қ. Абай ауданы ішкі істер бөлімінде майор.
8. **Жумадилова Айжан** – Тараз қ. №1 емханада бөлім меңгерушісі.
9. **Ибрагимов Ерболат** – ТОО «Өгем» кедендік декларация жөніндегі бас маман.
10. **Мамешов Қуаныш** – Абай ауданы ішкі істер бөлімінде майор, кадр бөлімінде бас маман.
11. **Мамешов Аслан** - Шымкент қ. Аппаратты аналитикалық басқарманың аға инспекторы.
12. **Юсупбаев Самат** – Астана қ. №3 емханада білікті хирург, гастро-энтеролог.
13. **Әсілбек Нұртаң** – Алматы қ. Эль-Фараби атындағы КазГУ түлегі, PhD қызметінде.
14. **Есқараев Дәурен**- Қарағанды қ. онкологиялық емханада онколог дәрігер.
15. **Қалтаев Арман** – Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің көмекшісі.

16. **Ахметов Асқар** – Шымкент қаласы Абай ауданы әкімшілігінде бас маман.
17. **Әсілбек Балнұр** – жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионы, елбасының қолынан марапат алған.
18. **Ниетбай Дәулет** – еркін күрестен спорт шебері, Қазақстан Барысы.
19. **Жанадилова Айгүл** – Гумилев ат. ЕҰУ-де PhD қызметінде.
20. **Алиасқар Ақтөре** – Шымкент қ. №11 емхана дәрігері.

Қазыналы білім ордасына айналған №49 жалпы орта білім беретін мектептің әрбір шәкірті білім көкжиегіне сеніммен ұмтылып, мектеп мақтанышына айналу мақсат етсе, инемен құдық қазғандай білім тұңғығының нәрін алған «Алтын белгі» иегерлері бұл күнде республикамыздың барлық аймағында өз білімдерінің жетістіктерімен ұстаздарын қуантуда.

2015-2016 оқу жылындағы «Үздік аттестат» иегері: **Әбілқасым Фатима;**

2017-2018 оқу жылындағы «Алтын белгі» иегері: **Қожабек Сайфуддин;**

2018-2019 оқу жылындағы «Алтын белгі» иегері: **Кучкаров Әділхан, Сапаров Қуаныш;**

2019-2020 оқу жылындағы «Алтын белгі» иегері: **Томан Нұрқасым, Тұрсынбай Жәудір, Сейітқұлқызы Ұлпан;**

2020-2021 оқу жылының «Үздік аттестат» иегерлері: **Қайназарқызы Аружан, Сырым Гүлай, Кұлмахан Айжан, Бекжанқызы Аида, Мұхаметжанова Мерей, Нуралиева Аружан;**

2021-2022 оқу жылының «Үздік аттестат» иегерлері: **Жеделбаева Аселя, Артықбай Аружан, Мұратқызы Аружан, Ергешова Аяулым, Мадарбекова Айгерім, Томан Талшын, Дүйсенбек Гүлзат, Уразбай Сандуғаш, Тұрғынбаева Қарақат;**

2022-2023 оқу жылының «Алтын белгі» иегерлері: **Өмірбек Аяулым, Берік Ботакөз;**

2022-2023 оқу жылының «Үздік аттестат» иегерлері: **Тулаған Анель, Сағидулла Мерей, Кенжебаева Аяна, Қуандық Зарина;**

2023-2024 оқу жылының «Алтын белгі» иегері: **Жетпісбаев Саттар;**

2023-2024 оқу жылының «Үздік аттестат» иегерлері: **Ошақбай Дәулет, Бейсебай Балауса, Ергеш Пернекүл, Наурызбаева Балғаным, Бижан Аян, Нуртилла Әсем**

Мектеп директоры А.А. Сарыбасовтың басшылығымен ұжым қазіргі таңда оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы саналы түрде өз бетімен білім алатын, алған білімін өмірде қолдана білетін (функционалдық сауаттылығы жоғары), жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуына үлкен үлестерін қосуда. «Ұрпағы білімді халықтың, болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білім

беруде мектептің педагогикалық ұжымы мектебімізде дарынды оқушыларды дер кезінде анықтап, тиянақты жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ғылыми жоба, пәндік олимпиадаға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Атап айтсақ:

Усманова Бақтыгуль Егембердиевна орыс тілі пәні мұғалімі -

2019 жылы - Білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Үздік ғылыми жоба жетекшісі» төсбелгісімен;

2019 жылы «Жылдың жүз үздік ғылыми жобасы» атты республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, оқушысы Баймаханова Зейнеп Серікқызы 1 Дәрежелі дипломмен;

2020 жылы – «Қазақстанның еңбек сіңірген педагог - 2020» төсбелгісімен марапатталды.

Ибраева Ақбөпе Давлетжановна орыс тілі пәні мұғалімі -

2020 жылы – «Білім беру ісінің қайраткері» төсбелгісімен;

2020 жылы – «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен;

2020 жыл – «Білім беру ісінің үздігі - 2020» байқауына ұсынылған жұмыстары үздік деп танылып дипломмен марапатталды.

2020 жылы – «Озат педагог» төсбелгісімен марапатталып, «Озаттар-білім саласы үздіктерінің энциклопедиясы» жинағына енді.

2020 год – победитель VI – Международной научно-практической конференции учителей и работников образования.

Оңғарбай Ақерке Уалиханқызы биология пәні мұғалімі -

2018 жылы Шымкент қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 7-ші сынып оқушылары арасында өткен қалалық «Б.Тасмурзаев – биология» олимпиадасына дайындаған оқушым Мырзахан Бақдаулет жүлделі I орын иегері.

2019 жылы Алматы қаласында «Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала ұрпақтары» атты XXXXVIII Республикалық ғылыми-практикалық конференциясында оқушысы Кенжебаева Аяна жүлделі III орын иеленіп, «Қына өсімдік жабынында және практикалық маңызы» тақырыбындағы ғылыми жобасы халықаралық конференцияға жолдама алды.

2019 жылы Россия Санкт-Петербург қаласында өткен «Дети Казахстана в мире без границ» атты IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына оқушысы Кенжебаева Аяна «Қына өсімдік жабынында және практикалық маңызы» тақырыбындағы ғылыми жобасын үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) қорғап, жүлделі I орынды иеленді.

2020 жылы Алматы қаласында өткен «Жас ғылымдардың ғылыми зерттеулері» атты XI Республикалық ғылыми-практикалық конференциясына оқушысы Смейірхан Алижан «Жас ғалым» номинациясын иеленді

Мектебімізде білім беру бағдарламасын іске асыратын ұлттық біліктілік тестен өткен 41 педагог-зерттеуші, 33 педагог-сарапшы, 57 педагог-модератор ұстаздарымыз еңбек етуде. Міне, осындай үлкен жетістікті арқалап келе жатқан мектептің әлі де жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі алда.

Қазіргі таңда білім беру дегеніміз -оқушылардың интеллектуалдық қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық потенциялын қалыптастыруға, ғылыми көзқарасы мен жалпы мәдениеттілігін кеңейтуге бағышталған, күрделенген жаңа оқу бағдарламаларын негізге алған, ауқымды жоба.

Жас ұрпақтың ойлау зияткерлілігін ашу жолдарын қарастыру арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру арқылы мектептің шығармашылық тақырыбы аясында мектеп ұжымы орасан зор еңбек етуде. Қазіргі таңда мұғалімдер мен оқушылар аудан, облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда топ жарып жүлдегер атанғанын айтуға болады.

2021-2022 оқу жылында :

«Алтын қыран-Ерекше Дарын иесі» атты республикалық зияткерлік байқауының ағылшын тілі пәні бойынша жеңімпаздарымыз анықталды. Олар: Адылбаева Л, Назарбаева Ш, Бакирова Г.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық қолдауымен «Bilim-orkenietі» «ҚР Үздік педагогтерінің ұлттық сыйлығы» 1-дәрежелі дипломымен физика пәні мұғалімі Төлеп Қ;

«Үздік кітапханашы-2021» қалалық сырттай байқауында озық идеялы іс-тәжірибесін ұсынғаны үшін Абдраимова М 1-дәрежелі дипломмен;

«Үздік тәлімгер-2022» қалалық байқауынан Мұратова С 3-дәрежелі дипломмен;

«Үздік сабақ жоспары» атты байқаудан информатика пәні мұғалімі Қозыкеева Г 3-дәрежелі дипломмен;

«Ең үздік басылымдар» атты байқаудан өзін-өзі тану пәні мұғалімдері Палходжаева Г, Нұрбек А 3-дәрежелі дипломмен;

«Үздік өзін-өзі тану мұғалімі» байқауынан Мамытбекқызы М 2-дәрежелі дипломмен;

«Менің Отаным-менің бастамам» атты республикалық шығармашылық байқаудан Дняхова Ф 1-дәрежелі дипломмен;

«Жаңашыл мектепке жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтерді V республикалық байқауынан Жунисова Г, Ильясова М 3-дәрежелі дипломмен;

Республикалық «ALTYN URPAQ» зияткерлік олимпиадасына оқушы қатыстырып жүлделі орын алғаны үшін биология пәні мұғалімдері Баимбетова А, Сайлаубекова Л Алғыс хатпен;

«XXI ғасырдағы ғылым және білім: өзекті мәселелері» атты жас ғалымдар мен жас зерттеушілерге арналған IX Республикалық ғылыми конференция жеңімпазы Смейрхан Алижан 3-дәрежелі дипломмен;

М.Әуезов Университеті «Ғылым мен жастар-табысты болашақтың сенімді кепілі» атты оқушылар мен студенттерге және жас ғалымдар мен жас зерттеушілерге арналған X Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында 2-дәрежелі дипломмен шәкірттеріміз Толан К, Наурызбаева Б марапатталды.

Қалалық «Дарын» орталығының «Жаныңда жүр жақсы адам» конкурсының жүлдегері Қуатбай З 1-орын;

Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінен Қуандық З 1-орын;

Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауынан Қуандық З 2-орын; «Дарын» орталығы 5-6- сынып оқушыларына арналған Республикалық пәндік олимпиадасынан Серікбай М 2-орын, Нұрғали А 3-орын алып, мектеп мәртебесін жоғары көтерді.

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша оқушыларымыздың жетістіктерімен де мақтанамыз. Атап айтар болсақ:

Грек-рим күресінен Байтұрсын А 2-орын, Оразалиев И 3-орын, Өмірбеков Қ 1-орын яғни Алтын медальмен марапатталды.

Каратэ спорт түрінен Қалтаев Е 2-орын, Қалтаева А 3-орын, Сайыпбек М 3-орын, Әшімхан Т 3-орын алып жетістікке жетсе, ұрыс жекпе-жек спорт түрінен Стамбул қаласында өткен халықаралық әйелдер күресінен шәкіртіміз Баймаханова Жұлдыз 2-орын «Күміс медаль» алып, қанжығасына байлады.

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдер қалалық байқауларға қатысып, нәтижесінде Дүйсенбаева П, Қозыкеева Г 2-орынды, Тастанбекова Р, Сайлаубекова Л, Кенжаева А, Ширманова А, Мамытбекқызы М 3-орынды иеленіп, Нұрымбетова А, Калыбаева А Алғыс хатпен марапатталды.

Математика мұғалімдерінің аймақтық «Alpha Academy» олимпиадасының жүлдегерлері Тастанбеков Н 3-орын, Мейірханқызы Г , Жүзбай Н «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Мұғалімдердің Республикалық байқаудан алған жүлделері:

Мамытбекқызы М «Білім беру ісінің үздігі-2022» 1-орын, Есенбаева Ұ «Тәуелсіз елдің үздік ұстаздары-2022» республикалық эссе байқауынан Диплом және төсбелгі; Ибраева А «Зерделі ұстаз» республикалық байқауының 3-орын жеңімпазы; Сарсенбекова Ш «Жаңа Қазақстанның 100 жаңа есімі» атты

байқауының 1-орын дипломы және төсбелгісі: Рустемов М «Үздік АӘД пәні мұғалімі» төсбелгісі.

2022-2023 оқу жылындағы 5-6-сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың (аудандық) кезеңі жүлдегерлері:

1-орын Абдуғаппар А

2-орын Сабырхан Б, Рахимова Ж, Жетербай Б, Абдукаримова І

3-орын Балған С, Мұрат Н, Әлмұханбет А, Әділетұлы М, Темірбай А

2022-2023 оқу жылындағы 9-11-сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың (аудандық) жетістіктері:

1-орын Пердешова Б, Нұржанұлы А

2-орын Мажит Н

3-орын Бегмат Ж

Жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша Республикалық XV Президенттік олимпиаданың (өңірлік) кезеңінің 3-орын жүлдегері Сағидулла Мерей.

1-11 сыныптар арасындағы математика пәнінен республикалық «Кенгуру», «Самұрық» олимпиадасының нәтижесі: 1-4 сынып арасында

Бас жүлде-4 оқушы, 1-орын 60 оқушы, 2-орын 43 оқушы, 3-орын 46 оқушы

5-10 сыныптар арасында 1-орын 18 оқушы, 2-орын 21 оқушы, 3-орын 14 оқушы

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің Республикалық «Педидея» Байқауы (қалалық) кезеңдегі жетістіктері

Қозыкеева Г 3-орын

Тағаева Ж 1-орын

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің Республикалық «Білім беруінің ісінің үздігі» байқауының жетістіктері

Қамбарова Д –төсбелгі

Мамытбекқызы М - «Үздік педагог» номинациясы

Турысбекова Г - «Үздік педагог» номинациясы

Молдабекова А - «Үздік педагог» номинациясы

Ршымбетова Г - Алғыс хат

Мектебіміздің дене тәрбиесі мұғалімдері оқушыларды дене тәрбиесі және спорт сабақтарына жүйелі тартуға, жалпы сауықтыру-шынықтыру және спорттық жұмыстардың сапасын, ұйымдастырылу деңгейін арттыруға, оқушылардың денсаулығын нығайтудағы дене тәрбиесінің жаңа инновациялық

технологияларын игеруге бағытталған жұмыстар жүргізіп келеді. Балалардағы қажетті физикалық дайындықты қамтамасыз ету, өздігінен білім алу дағдысын дамытуға, денсаулық мәселесін шешуге, кез келген жағдайда өзін ұстай алуға дене тәрбиесі сабақтарынан басқа осы мәселелерді шешетін басқа да жұмыс түрлері қажет. Солардың біріне сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралар: спорттық жарыстар, секциялар, денсаулық күні жатады. Оқушылардың сабақтан тыс оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түрі білімді, дағдыны, қабілетті қалыптастыру, денесін дамытудағы секциялар мен үйірмелер болып табылады. Олардың негізгі тапсырмалары: физикалық сапаны дамытуға бағыт, дене тәрбиесі сабақтарында үйренген қозғалыс дағдысын жетілдіру, президенттік нормаларды тапсыруға дайындық, патриоттылыққа тәрбиелеу, Отанды қорғау міндетіне дайындық. Өз алдымызға секциялардың барлығын ұйымдастыру үшін оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға көңіл бөлу керек деген мақсат қойдық. Бұл үшін әртүрлі құралдар қолданылады. Атап айтсақ, фотостендтер, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жиындарда марапаттау, жарыстар өткізу, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуде оқушыларды баулу. Спорттық жетістіктерге жету үшін секцияларға қатысу керек дегенді түсіндіргіміз келеді. Дене тәрбиесі сабақтары мен секцияларға қатысудағы жетістіктерді мектепішілік және қалалық жарыстардан көруге болады.

Қалалық спорттық жарыс жетістіктері:

1. «2010-2012 ж жасөспірімдер арасында» ашық біріншілікте 28 кг 1-орын Байтұрсын Ахмет
2. «Нашақорлықсыз болашақ» атты ұранмен грек-рим күресінен 2010-2012 ж жасөспірімдер арасында 27 кг салмақпен 1-орын Байтұрсын Ахмет
3. «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру» атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында 29 кг салмақпен 1-орын Байтұрсын Ахмет
4. «2022-Балалар жылына» орай облыстық біріншілікте 50 кг салмақпен 1-орын Рахымжанұлы Бағлан
5. «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру» атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында 64 кг салмақпен 1-орын Рахымжанұлы Бағлан

6. Грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында КСРО спорт шебері Ю.Н.Денисенконы еске алуға арналған ашық біріншілігінде 26 кг салмақпен 1-орын Толан Нұрмұхамед

Мектебіміз жас мамандармен толығып, олар еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар ұрпаққа білімнің кәусар бұлағынан сусындату бағытында еңбек етуде. Осы орайда мектебіміздің оқу-тәрбие орынбасарлары, педагог-психологтар ҰБТ – ға дайындау мақсатында байқау тесттерін алып, жүйелі жұмыс жасауда. Нәтижесі қанағаттанарлық. Жалпы мектеп оқушыларының үлгерімі -100%, білім сапасы -49,7%

Мектеп директоры



А.Сарыбасов